

Қарабұлақ кенттік округінің әкімі

Алматы облысы Ескелді ауданы
Қарабұлақ кенттік округі әкімінің
2010 жылғы 12 мамырдағы № 119
шешімі. Алматы облысының
Әділет департаменті Ескелді
ауданының Әділет басқармасында
2010 жылы 18 маусымда № 2-9-
108 тіркелді

Аким Карабулакского поселкового округа

Қарабұлақ ауылдық округіне қарасты кейбір көшелерінің атауларын өзгерту және жаңадан атауын беру туралы

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "кенттік" деген сөздер "ауылдық" деген сөздерімен ауыстырылды – Алматы облысы Ескелді ауданы Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің 06.01.2015 № 1 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабындағы 4 тармағын басшылыққа алып, Қарабұлақ ауылдық округіне қарасты, Қарабұлақ кенті және Шымыр ауыл тұрғындарының пікірлерін және Ескелді аудандық ономастика кеңесінің келісімін ескере отырып Қарабұлақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Шешімнің кіріспесіне өзгеріс енгізілді – Алматы облысы Ескелді ауданы Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің 06.01.2015 № 1 шешімімен.

1. Қарабұлақ ауылдық округіне қарасты, Қарабұлақ кенті бойынша:

М. Горький көшесі "Жетісу Шұғыласы" көшесі деп өзгертілсін.

2. Қарабұлақ ауылдық округіне қарасты, Шымыр ауылы бойынша:

Тұрғын үй салынып, жаңадан пайда болған көшелерге Талдықорған және Нұра көшелері атаулары берілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарабұлақ ауылдық

И.С. Жаманбалин



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

округінің әкімі